

12005

6061

СЫЙЛЫГЫНЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ



ИВО АНДРИЧ

"Нұжім әмбебаптың қызынан шылдықтары"
сериясы қоғамдық кеңесінің мүшелері

*Юсупов Кеңес (терага)
Абдрахманов Сауытбек
Асқаров Әлібек
Ақтаев Сарбас
Әбдіков Төлен
Әбдіхалық Жомарт
Әкімжанов Мәткәрім
Бельгер Герольд
Жұмабаев Әбілмәжін
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Сагындықова Нагима
Сатыбалдиев Ерлан
Серікқалиев Зейнолла
Степанова Лидия
Шәкеев Нұргазы
Ысмагұлов Жұмагали*

Иво Андрич

Дринадағы көпір

Роман



821.163.41-31

ББК 84 Сеп 7-44

A17 A57

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРАЛАМАСЫ БОЙЫНША
ШЫҒАРЫЛДЫ

Андрич Иво.

А 17 Дринадағы көпір. Роман.

Аударған Таласбек Әсемқұлов.

Астана: Аударма, 2004. — 368 бет.

ISBN 9965-18-079-2

діл оқыладының

Сербиядағы Вышеград қаласын жарып өтетін Дрина өзенінің үстіне салынған көпірдің үш ғасыр тарихы бар (XVIII-XX). Осман түріктерінің билігі кезінде салынған соулетті де ғажайып бұл көпір Австрия басқыншылығы кезінде қираптылады. Романдың бар оқиға осы тарихи көпірге байланысты өрбіп, дамып отырады. Өйткені, бұл жай ғана өзен үстіндегі көпір емес. Бұл — ғасырлар, халықтар, елдер арасындағы, екі дүние, екі саясат, екі дін, екі әлем, тіпті екі түрлі өмір арасындағы көпір.

Кітапты қазақша тәржімалаган белгілі аудармашы **Таласбек Әсемқұлов.**

К 4703010100-96
00(05)-04

ББК 84 Сеп 7-44

ISBN 9965-18-079-2

© Әсемқұлов Т., 2004

© «Аударма» баспасы, 2004

© Қазақстан кітап графиктері —

суретшілерінің қоғамдық бірлестігі,
Л. Тетенко



Арнаозені бүкіл ұзына сойына гүзән тар шағындарымен. Бір баланың ата-бабасынан көзінен күштегі тардың
жарысымен. Аның ата-бабасынан көзінен күштегі тардың
жарысымен. Аның ата-бабасынан көзінен күштегі тардың
жарысымен. Аның ата-бабасынан көзінен күштегі тардың
жарысымен.

Сорада оның көзінен күштегі тардың жарысымен. Аның ата-бабасынан көзінен күштегі тардың жарысымен.

Берік көзінен күштегі тардың жарысымен. Аның ата-бабасынан көзінен күштегі тардың жарысымен.

Арнаозенің көзінен күштегі тардың жарысымен. Аның ата-бабасынан көзінен күштегі тардың жарысымен.



Осы көзінде шоққадын тәннинен күштегі тардың жарысымен. Аның ата-бабасынан көзінен күштегі тардың жарысымен.

Аның ата-бабасынан көзінен күштегі тардың жарысымен. Аның ата-бабасынан көзінен күштегі тардың жарысымен. Аның ата-бабасынан көзінен күштегі тардың жарысымен. Аның ата-бабасынан көзінен күштегі тардың жарысымен. Аның ата-бабасынан көзінен күштегі тардың жарысымен.

Дрина өзені бүкіл ұзына бойына таудың тар шатқалдарымен, бір-бірімен иін тірескен, ызгарлы, биік жартастардың арасымен ағады. Тек кей жерде гана тау аralығы ашыла, шуақты аңғарлар кеңеіе түскенде өзеннің біресе бір жағасында, кейде екі жағасында бірдей егіндік пен үй салуга жарамды тегіс, немесе адырлы жер бедері байқалады.

Сондай бір сай Вышеградтың тубінен, Дрина баяу бұрылып Бұтақ пен Узавниңтың өркеш-өркеш жартастарының арасынан ары қарай ағатын тұсынан ашылады. Өзеннің саласы шеңберше дөңгеленгендей, ал асу бермес шыңдар бір бірімен тұтасып кеткендей, сол себепті су тұнжыраган таудың кеудесін жарып шығып жатқандай көрінеді.

Бірақ келесі сәтте-ақ таулардың арасы ашылып, алқантың аралығы он бес шақырымдай болатын кеңдеу жерінен қайта тарыла бастайды.

Дринаның жасыл нілге тұнган ақ көбік сұы бір-бірімен тұтасқан қара қажыр тауларды қақ жарып сең болып төгіліп жатқан тұсында он бір өркешті үлкен тас көпір тұр. Осы көпірден Вышеградтың адырлы алқабы, сай ішіндегі иеліктер мен деревнялары, ала-құла егіндік, жайылым мен бақтар, ирек салған меже мен шарбақ, әр жерде шашырай өсken тоғай шеңберлене жалғасып жатыр.

Осы аңғарға шатқалдың табанынан қарасаңыз, ақ көпірдің кең иіндерінің астынан жасыл ніл Дрина гана емес, осынау гүлденген абат өлке мен онтүстіктің көк күмбез аспаны да ағып шығып жатқандай.

Өзеннің оң жағасындағы қаланың орталық алаңы мен сауда көшелері бір шеті жазыққа, одан тау бөктерлеріне, енді бір шеті көпірге барып тіреледі.

Көпірдің қарсы басынан әрі сол жаганы жагалай Сараевога апарап жолды бойлап Малуха егіндігі деп аталатын шашырай орналасқан иелік жатыр. Көпір осылайша Сараевоның жолын қала мен иеліктерге апарып жалғайды.

Эрине, бұл жердегі "жалғайды", күн-адамдарға жарық беру үшін, тіршілік беру үшін таңертен атады да, күндізгі ауыр еңбектен демалдыру үшін кешке батады деген сияқты шартты ұфымған.

Себебі, құнына баға жетпес, теңдесі жоқ көрікті құрылым — бұндай тас көпір әлдеқайда бай, тіршілігі қайнаған қалаларға да бұйырмайсан ("империяда бұндай көпірдің екеу-үшін гана бар" дейтін ертеде). Ол Дринаның бүкіл орта және жоғарғы ағысындағы жалғыз гана берік өткел, сондай-ақ Босния мен Сербияны, ал Сербия арқылы Ыстамбұлға дейінгі аралықтарғы Түрік империясының барлық үелаяттарын жалғастырып жатқан сенімді жол еді.

Ал иеліктері шашыраган қала, керуен жолдарының қызылысқан жерлерінде үлкен көпірлердің төңірегінде өз женимен пайда болатын адамдардың мекен-тұрағы гана.

Уақыт өте көпірдің етегін емген Вышеград та ұлғайып өсе берді, онымен қатар бой таластырып, оның тамырынан нәр амш жетіле берді.

Қала көрінісін толықтай елестетіп, көпірмен арадағы қатынасының сырын түсіну үшін шаһардағы тағы бір көпірлі озеннің жайын айта кеткен жөн.

Бұл — агастан жасалған аспа көпірі бар Рзава өзені. Рза-ва қаланың шетіне жете бередириңде құяды, сол себепті қаланың орталығы мен негізі аумагы екі өзен тоғысқан атырауда жатыр, ал шашырай орналасқан иеліктер көпірдің қарсы бетінде. Дринаның сол жағасы мен Рзаваның оң жағасын ала созылып жатыр.

Қала су үстінде тұр. Алайда скінші өзен мен ондағы көпірдің бар екеніне қарамастан, агастан салынған "көпір" дегенің ешқандай тарихы да, көз тартар көркі де жоқ, жергілікті халық пен малға өткел гана болған Рзава көпіріне

еіш қатысы жоқ. Бұл тек Дринаның тас көніріне гана қатысты айтылатын сөз.

Көнірдің ұзындығы екі жүз елу қадам, ені — он қадам. ортасынан жүрер жолдың екі қапталын ала жасалған балконның есебінен ені екі есе кеңейген. Бұл жер “қақпа” аталған.

Жоғары қарай жайылыңқырап бітептін орталық тірек діңгекті тиянақ еткен екі тұмсық, көпірдің аясынан қалықтап шығып тереңде сарылдаған жасыл ніл судың үстінен тоғын тұр. Ұзыны мен ені бес қадам болатын бұл тұмсықтар жол жағынан ашық, төбесі жабылмаган және көпірдің ұзына бойындағы қоршау бұл тұмсықтарды да қамтыған.

Қала жақтан келе жатқандағы оң балкон диван деп атала-ды. Екі баспадақ диванның отырғышына барып тіреледі. арқалығы — қоршау, бүкіл тұлғасы ақшыл тастан сом етіп құйғандай. Көпірдің қарсы жағындағы сол балкон да отырғышының жоқтығы болмаса, тұра сондай.

Қоршаудың орта тұсы адам бойынан биік болып келеді. Осы жерде түрік жазуымен өрнектелген мәрмәр тақта орна-тылған, он үш шумақ өлең көпірді кімнің салғанын, құрылыштың қашан аяқталғанын әлемге паш етеді.

Тақтаның астындағы тас айдаһардың аузынан су атқылақтап тұр. Бұл балконға жез ыдыстарымен, шоғы өшиейтін мангальмен, қарсы балкондагы қонақтарға кофе таситын қолбаласымен кофе сататын дүкеннің иесі орналасқан. Қақна дегеніңіз осы.

Кейінгі әңгімемізден аян болатындағы, көпірдің үсті мен оның балконында, сол көпір арқылы аралас-құралас болатын қала тұрғындарының тіршілігі қайнап жатыр.

Жеке бас пен әрбір әулеттің тіршілігі, қогамдық өмір, көпірді еске алмай өрістей алмайтындағы. Шынында да, Дринаның көпірі — осы аймақ балаларының алғаш серуен құрган, алғаш ойын ойнаған жері. Дринаның сол жағасында тұратын христиандардың балалары өз өмірінің алғашқы күні-ақ осы көпірден өтетін, себебі, тутан күнінен кейінгі бірінші жеке сенбі күні оларды шіркеуге шоқындыруға апарады. Сондай-

жыл басқа – оң жағадатуған шоқынуды білмеген мұсылманнан өз алары да аталары мен әкелерінің өнегесімен, бала-мактактыңденін осы көпірдің маңайында өткізетін.

Көпірдің жапынаи балық аулайтын, қуыс-қуыстап көтеріш үстайтын. Олардың көзі, құж-құж ақ тастан қызынныңған құрымыстың мінсіз сұлулығына бала жастан-ақ үйренетін.

Балалар көпірдің барлық қалтарыс-бұлтарысын, қылыштарын, онның атымен астас айтылатын ақыз-әңгімелерді, киңи мен шынық аралас келетін салыну тарихын жатқағандар еді. Санадан тыс, тұмысынан, қайдан естігенін өздері де алтын бере алмайтын алғашқы дұрасындаі білетін.

Балалар бұл көпірді, осы таяу маңдагы таулардың аргы жағандагы Соколовичи селосынан шыққан, ұлы уәзір Мехмет пашаның салғанын білетін.

Гастан қашалған бұл олмес соулетті, уәзірден басқа кім көрек-жарақиен қамтамасыз ете алар еді. (Балалық қиял үоларді жарқыраган нұрлы, қорқынышты, алып және үсініксіз бойнеде аситеттейтін).

Ал көпірді салған құрымысшы Раде болатын. Адам есімін еске сақтауға күмкесіз бұқараның ұғымында, бұл, аты ақыз-бен астас даңқты соулетті, серб тонырагындағы барлық ажараптайма. мәңгі олмес құрымыстарды салу үшін паленбай пасын өмір сүруі көрек еді. Сондай-ақ балалар өзеннің иесі

су перісі, барлық тылсым құнгердің қандай да болмасын құрымысқа қарсы шығатын әдеттіне басып көпірдің салыну маңа қарсы болып, күндіз салынғанды тұнде қиратып күрғенін дө білетін.

Құрымысшы Раде, су інінеи, жаңа туган етіздер, ағалы-кырғындасты Стоя мен Остоиды ізден тауып, көпірдің орта деңгектеріне сұдан таста дөреи аян жеткеніне осылай жалғаса серітті.

Сол сатто-ақ бүкіл жүрт сол етіздерді ізден Боснияны арады, көтті. Наростолорді тауып соулеттіре табыс еткен адам-да у үкен сый бері мәді екен.

Ақырында айдаладагы бір қыстақтан айдауылдар емпектегі екі нәрестені тауын әкеледі.

Үзірдің әмірімен анасынан тартып алышты, бірақ бейбақ ана балаларынан ажырагысы келмей, тепкіге қарамай жылап-еңіреп Вышеградқа ілесіп келген. Осы жерде әлдекалай құрылышы Радеге жолығып қалады.

Балаларды діңгекке қоса сылап жіберіпті, басқаша болмайтын да еді, бірақ құрылышы Раде, аңызың айттысында, анаға жаны ашып тірек діңгектерден қуыс қалдырган дейді. бейбақ ана осы қуыстан құрбандыққа шалынған балаларын емізеді екен. Қамалдың қабырғасындағы енсіз терезе — бойнициага ұқсас, жабайы көгершіндер ұя салатын қуыстар — сол қуыс көрінеді.

Солбаяғы өткен хикаяның белгісіндей болып, міне, бірнеше гасырдан бері осы қуыстан ана сүті ағып тұрады. Жылдың бір мезгілінде тастардың арасындағы жіктен әлдебір ақ шырын агады, кепкеннен кейін жусаңда кетпейді. (Ананың сүті баланың санасында етene жақын, тәтті, сонымен қатар уәзірлер мен сәулетшілердің бейнесімен астас қорқыншты, естен тандыратын елес тұгызады).

Адамдар шырынның қатып қалған шіресін қырып алғып, баласын емізіп жарыта алмаган ойеңдерге шина ретінде сататын болған.

Орта тіректің қақпа тұсында едәуір ұлken, оқ ататын тесікке, немесе есікке ұқсас қуыс бар. Аңыз бойынша оның ар жагында Қара Арап тұрады-мыс.

Бұны барлық балалар біледі. Қара Арап бала қиялдың бас кейінкери. Ол қай адамға корінсе сол адам міндетті тұрде олар. Алайда балалардың бірде біреуі оны көрген жоқ, себебі оның қайсысы өлген жоқ еді. Есесіне Арапты, үнемі мас болып, козі қызарып жүретін, демікесі бар хамбал Хамит көрсетті, сол түні-ақ копірдің іргесінде оліп кетіпти.

Әрине, шынына келетін болса сол түні Хамит есінен аласын мас болып копірдің үстінде ұйықтап қалған. Ол күні он бес градус аяз еді. Балалар жағаға жиналып адамның үрөйнін алған құрдым қуысқа жиі-жиі қарайтын.

Кірік қаңай қараң, бірдене көрінсе бірден айқайлаймыз деп келісетіп. Бір жаты қорқып, бір жагы еліккен олар коздері бақырайың қараңғы қуыстан көз алмай, әлдебір арық үлгі қуыстың қыбыр еткені елестемейінше, немесе бұзық біреу ойынды бұзып "Арап!" деп қашпайынша қарап тұра берер еді. Ал тұнде сол балалардың көбі төсекте аунақшып жазмыштың өзіндегі қатыгез Араптың елесінен құттыла мақ болып, шешелері оятып қорқынышты түстің шырмауынан құтқарғанша аласұратын. Шешесі сұық су беріп ("қорқынышты елесті кетіру үшін") Құдай атын айтқызып қайта жатқызған, күндізгі ойыннан шаршаган бала аздан соң-ақ елестен ада қалың үйқыға кетер еді.

Көпірден жогарылау өзеннің екі қалталын алып жатқан аксүр әк биік жарларда бір-бірімен қатар жарысқан алып аттың ізі сияқты қуыстар; Ескі қаланың тік құздарымен төмен түскен бұл іздер суга келіп тіреліп, аргы беттеген қайта пайда болып шымга сініп жоқ болады.

Жазда күні бойы құз жартастардың астында ұзақ жүріп балық аулаган балалар бұның бұрынғы еткен заманнан көне батырлардан қалган із екенін біледі.

Ол кезде дүниеде алып батырлар болған, тас жұмсақ еді, ол аттар сол батырларға лайық алып, биік болған.

Серб балаларының іікірінше, бұл із — Ескі қаладағы зынданнан Королевич Марконы алыш қашып, жарды бойлап шауып ол кезде көпірі жоқ Дринадан секіріп еткен Шараң тұмшардың ізі. Ал түріктің балалары бұл жерде Королевич Марконың болғанына мұлдем сенбейді, (тексіз кәпірге бұндай ерлік пен бұндай ат қайдан келсін), бұл жерден паром мен наромшыларды менсінбейттін, өзендерден бұлақтан аттагандай аттап өте берегін Джерзелез Элия өзінің қанатты атымен шауып еткен деп ойлады.

Бірақ балалар бұл жайында ешқашан сөз таластырмайды, себебі қайсысы болмасын өз сезінің дұрыстығына күмән келтірмейді. Әзірге ешкім де ешкімді де сезіне нандырып көрген жоқ, басқаның сезіне өзі де нанып көрген жоқ.

Бұл дәңгелек терең ізге ыдысқа жиналғандай жауынның сүсү жиналыш қалады.

Балалар бұндай жылы су толған шұңқырларды құдық деп атайды, және діндеріне қарап жатпай қолдарына түскен ит балық, қызыл қанат балық сияқты ұсақ олжаларын сақтайды.

Өзеннің сол жағасында едәуір жерде жолдың үстінен төніп сұр тәбе тұр; балшық болғанымен беріштеніп қатын қалған. Ол төбеде сымтемір сияқты, өнебойы тікен-тікен, қураган шептеп басқа ештеңе өспейді.

Бұл тәбе — шекара, балалар көпірдің жанынан белгілеген меже. Бұл тәбе өзі ежелден Радисавтың мolasы атанған. Радисав — нағыз батыр, сербтердің қолбасшысы болған деседі. Үәзір Мехмет паша — Дринаға көпір салдырмақ болып адамдарын жібергенде барлығы бағынып жұмысқа аттаныпты. Тек жалғыз Радисав қана бағынбай халықты көтеріліске бастаган, сөйтіп, «бұл істі қойсын, бәрібір Дринаға ешқашан көпір сала алмайсың» деп үәзірге сәлем айтып жіберіпті. Үәзір, Радисавты бағындыра алмай әбден әуреленіпті, себебі батырга ерекше күш дарыған, оқ өтпейді, қылыш шаппайды, не шынжыр, не арқан жоқ оны ұстап тұра алмайды. Үәзірдің жанынан бір жәдігөй ақылман табылып Радисавтың нөкерінен батырдың құпиясын біліп алмаганда, ары қарай қалай боларын, үәзір Дринаға көпірді сала алар ма еді, жоқ па еді, ешкім білмеген еді.

Содан соң Радисавты ұйықтап жатқан жерінен ұстап жібек баумен буындырып өлтіріпті, себебі оның тұмары жібектен гана қорғай алмайды екен.

Біздің әйелдер, жылына бір рет аспаннан осы төбеге анипақ жарық түседі деп сенеді. Бұл оқиға күзде, шамамен Ұспение мен Рождествоның арасында болады.

Бірақ терезеден Радисавтың мolasына зарыға қаратан балалардың бір де біреуі бұл кереметті көре алмады, себебі олар тұннің ортасы болмай ұйықтап қалатын еді. Есесіне кештеткен жүргіншілер әдейілеп ізdemесе де көпірдің астындағы тәбенің ақ нұрга бөгіп тұрганын талай көрген.

Вышеградтың түріктері, тура осы жерде, Дринадағы откелді көпірдің әскерінен қорғаң, ерлік өліммен өлген дәруіш шейх Турхания жайындағы ақызды естеріне алады.

Ал бұл жерде не құлпытастың, не дүрбенің болмауы — осы соңғы мекенін құпияда қалдырмақ болған дәруіштің өзінің тілегі деседі.

Бірақ көпірдің әскері бұл жерге таяу келсе болды, дәруіш көрден тұрып баяғыдай жолды кес-кестейтін болған, көпірлер Вышеград көпірінен ары қарай бір қадам аттай алмайды екен.

Әлсін-әлсін аспаннан мола тәбеле жарық түсегіні осыдан көрінеді.

Міне, көпірдің маңайында, ақыз бенен ойын аралас вышеградтық балалардың тіршілігі осылайша өтіп жатар еді. Есейгеннен кейін бозбала көңіл көпірге басқаша себеппен жетелейтін, енді өмірдің жаңа көкжиегі ашылып, тіршілік үшін күрес, күнделікті күйбең мен талас-тартыс басталар еді.

Қаңпа мен оның маңайы ежелден алғашқы гашықтық күйдің, кездесудің, сыбыр мен әнтек сөздің айтылар жері болатын. Алғашқы келісім де осы жерде өтер еді, адамдар осы жерде іс жүргізіп, жанжалдасып, татуласып жататын.

Осы тас дуалда ерте піскен шие, қарбыз бен қауын, ертеңгісін ыстық шалап пен құлше жаймага шығарылар еді.

Өзін көрсетіп, дүниені көрмекке шыққан көрікті жастық-пен, миуа мен киім, қару-жарақ сатқандармен қатар бұл жерге қайыршы мен мерез, алапес атаулы да жиналар еді.

Бұл жерге қогамдық мәселе, сауда ісін талқылаған қаланың кісілікті адамдары жиі бас қосатын, бірақ қалжындағаннан, ән айтқаннан басқа әлі ештеценің байыбына бармаган жастар одан да көп жиналатын.

Ұлы оқиға, тарихи сүргіннің кезінде осы жерге, мәрмәр тақтага үндеу мен манифестер ілінетін, осы қақшаның жаңында 1878-ші жылға дейін түрлі себеппен жазаланғандардың басы қадаға шанышлатын; бұл шекаралық қалада бұлғақ кезінде адамды жазалау әденкі нәрсе, ал кей кездері тіпті күнде болатын оқиға еді.

Үйлену тойы немесе қаралы шеру көнірден қақпана тоқтамай өтпейтін. Құдалар сауда шаршысына шыгуга осы жерде дайындалады. Замантыныш болса алхорының арагы құйылған шишаны аралатып жіберіп, ән айтып, балкоңда әденкіден көп бөгелетін.

Адамды жерлегенде де табыт көтергендер қақпаның жаңына міндетті түрде тоқтал, марқұмды өмірінің дені өткен жерге аялдатып демалдышратын.

Қақпа көпірді тұйықтан тұратын, ал көпір қаланы тұйықтайдын, немесе, әлдебір Вышеград тұргындары құшақ жайып қарсы алған әлдебір түрік саяхатшысының жолжазбасында айтылғанда "Бұл қақпа шын мәнісінде көпірдің жүрегі, ал көпір шын мәнісінде қаланың жүрегі, ал бұл қала бір көрген адамның жүрегінде мәңгі қалады". Су перісімен, түрлі жыншайтандармен құресуге мәжбүр болған, сәбилерді көпірге тірідей сылап жіберген ұлы сөүлетшілер құрылыстың көрікті және мықты болғанын гана емес, соңдай-ақ оның келер үриақтар үшін пайдалы әрі ыңғайлы болғаны да қөздепті. Бұл жердің тіршілігімен танысқан адам бұндай иғілікті пайдаланғанның, Боснияның әр тұргыны үшін қандай бақ екенін байқар еді.

Қысқы күндер есепке алынбайды, себебі қыста адамдар көпірді сирек пайдаланатын, оның өзінде де өзеннің үстінде үздіксіз соғып тұратын мұздай сүйк желдің екпініне шыдамай мойнын ішіне тартып жылдам басып өтіп кетуге тырысатын. Әлбетте, бұндайда ешкім де көпірдің балконына bogелмейтін. Есесіне жылдың басқа мезгілдерінде вышеградтың көпір еңбектеген бала мен еңкейген көріге дейін жиналатын нағыз ұжмақ мекендерсің.

Қаланың әрбір тұргыны құндіз болсын, түнде болсын жұмыс жоқ, тайым жоқ, көпірді шарлап, балконға шығын, диванға отыра алады.

Үш жақтан шымқай көк таулармен көмкерілген диванның тас отырғышы жасыл ніл судың үстінде, бұл пен жұлдызыға тіреле қалқып, он бес құлаш биіктікten көгілдір таулармен

түйікталған озеннің алыстап кеткен саласын ашып көрсетіп тұрады.

Қайғыдан күйрекен немесе бақытына шаттанған қанша бай, қанша үзірлер келіп-кетеді десеңізші бұл жерге? Көп емес-ау. Ал менің жерлестерімнің қаншама ұрпагы қанша ғасырдан бері осы жерде таңын атырды, кешін, түнін өткізіп, тәбеде асықпай жылжыған жүлдышызды құмбезді тамашалады.

Биік құздың басында, нұры өшпейтін аспанның аясында сәулеленген тауларды тамашалап, тас дуалға сүйеніп отырып, бір-біріне үқсас болғанымен келген сайын жаңа кеппен жаңа кейіпте тағдырдың шытырманын шешіп қаншамыз отырып едік.

Бір шетелдік адамның қалжында «қаланың тарихы мен оның тұргындарының мінез-құлқы осы қақпадан өрістеп жатыр» деп айтқаны бар. Қала тұргындарының арманшыл, ойшыл болуының, бейғам жүруінің себебі осы көпір үстінде өткен үйқысыз тұндерден деген еді сол шетелдік. Вышеград тұргындарының женіл мінезділігін, сайран сүйгіштігі мен төгіп-шашуга деген құмарлығын шынында да теріске шығара алмас едің.

Бай, ауқатты селолардың ортасына орналасқан Вышеград-қа ақша деген тоқтамай ағылатын, бірақ бұл ақша қалаға көп тұрақтамайтын да.

Ал енді қалада үнемшіл біреу табыла қалса, ол міндетті түрде басқа өлкеден келген адам болып шыгар еді, бірақ оның алғашқы ұрпагы-ақ Вышеградтың ауасы мен суына мастанып, дүниеге алақанын жайып келер еді, ысырап пен кеппеттің, ойсыздықтың шалығына ұрынып "Өмір берген Құдайым несібесін де береді!" деген принциппен өмір сүрер еді.

Қария Новак қартайып шау тартып, Романия тауында өткен қарақшылық дәуренін аяқтаганда өзінің мұрагері Дитя Грицаға былай дең бата берінші дейді:

— Ең әуелі тосқауылда тұрып жолаушының кім екенін жақсылаң қарап ал. Егер аттының кеудесі биік болса, үстіндегі кімі шекіген әдемі, тізесінедейін ақ шұлық қиген болса, онда

ол Фочиден болғаны. Ойланбай шап, бұлардың үстіндегі бар, қоржынында да бар. Алба-жұла биңгін, басы салактан ертең ілгін, қайыр сұран бара жатқандай аттыны көрсөң, отанда ойланбай шап: бұл адам Рогатицадан келе жатыр деген сөз. Олар қу, қытымыр, сараң болыш келеді, ал қалтасындағы ақшасы, итмұрынның жидегіндей қисапсыз. Ал ердің үстіне жамбастай отырып домбырасын тыңқылдатқан, даланы басына көтеріп ән айтып келе жатқан адамды көрсөң тиіспегін, қолынды былгамағын, қоя бергін: бұл Вышеградтың адамы, оларда өмірі ақша болып көрген емес.

Осының бәрі шетелдіктің сөзін растайтындаі. Эйтсе де бұның шындыққа қаншалықты дәрежеде жанасатынын кесін айтгу қыын.

Бұндайда әдепкідеғідей себеп пен салдарды бір-бірінен ажырату да қыын. Вышеградтық тұргынның ерекше мінезі осы қақпаның салдарынан қалыптасты ма, әлде бұл қақпа вышеградтықтардың рухына сугарылып, солардың талғамы мен дағыларына сәйкес тұргызылды ма екен? Бұл сұрақтың басы артық.

Сәулет өнерінде ойдан шығарылған линиялар мен формалардың болмайтындығы сияқты, адамдық қоғамда да талғам мен сұраныстан тыс туындаған сәулетшіліктің кездейсоқ жемістеріне орын жоқ.

Оның үстіне адамға пайдалы, заңгар, көрікті құрылыштардың тарихы, сол маңайдағы халықпен екі арадағы қатынасы әдетте қаратунек құпияның пердесімен бүркеулі болады. Бірақ қалай болғанда да, қала халқының тіршілігі ежелден көнірмен тығыз байланыста екені белгілі. Олардың тағдыры бір-бірімен астасқандығы сондай, оларды бір-бірінсіз елестету, бөліп-жарып баяндалп беру мүмкін емес.

Міне, сол себепті қөпірдің салынуы және одан кейінгі тағдыры — қала халқы мен оның қөптеген ұрпақтарының тағдыры жайлы әңгіме болып табылады.

Әз кезегінде қала халқының өмірі жайлы барлық ауызекі әңгімелер осы он екі кезең тас қөпірді қөтеріп ұстап тұргандаі.

II

Біз енді бұл жағалауға көпірдің өлі салынбай тұрган кезін еске түсіруіміз керек.

Сол ықылымға кеткен алыс замандарда әлдебір шаршаган, жауын өтіп қалжыраган жолаушы осы арналы, асау өзенге тылсымың құшімен көпір салынса, осылайша аргы жағаға тезірек өтіп дігтеген жеріме тезірек жетсем деп армандағаны анық. Себебі адамдар жаратылып жол жүре бастағаннан-ақ әр жүргіншінің жақсы, жайлы жол, сенімді серік, қонастын жермен бірге осы жерде жақсы өткел болса еken деп армандауы табиги нәрсе.

Алайда арманның бәрі орындала бермейді, ииеттің барлығында, ойға алғанды орындаі алатын қажыр бола бермейді.

Бұл көпірдің бейнесі алғаш рет 1516 жылы осы маңайдагы Соколовичи селосынан алыстагы айдынды және қорқынышты Істамбулға аттандырылып бара жатқан он жасар бала-ның қиялында елес берген.

Ол заманда бұл Дрина, жасыл ніл сулы асау тау өзені жалаңаш жартастардың арасынан қысылып шығып, Құмдауыт жағаларды бойлап арқыраң ағып жататын.

Бұл қала ол кездे де бар еді, бірақ түріде, аумағы да басқа болатын. Қазір ескі жүргұ жатқан бнік жарлауытты оң жағада сол кездегі Ескі қала, Босния корольдігінің гүлденген кезінен қалған, Павловичтер әулетінің бір азулы begi салдырыған айдынды, сан мұнаралы қамалы тұратын.

Қамалдың аясында христиан посадтары Мейдан мен Бикавац, және толайымен мұсылман дініне кіргізілген Душче слободкасы бар-тын. Төменде Дрина мен Рзаваның арасындағы аңғарда, кейіннен осы қала орныққан жерде жайыла созылып егістіктер, оны қақ жарып жол жататын. Жол бойында ағаштан салынған көне мейманхана, қадау-қадау диірмен мен ескі үйлер тұратын.

Дрианың қасқа жолды қызың өтетін жерінде әйгілі Вышеград шаромы жүретін.

Паром көнерген қаш-қара, ал паромны Ямақ анау-мұндау айқайыңа келе қоймайтын түсі суық, жалқаулау адам еді. Бұл еңсегей бойлы, алып күш иесі, қисансыз согыстарда жарадар болған адам. Оның бір көзі, бір құлагы және бір аяғы гана бар еді /екінші аяғы агаш болатын/. Ешқашан түсі жылы-майтын, адаммен сәлемдеспейтін, айтқанға көнбейтін Ямак адам мен жүкті қынқ демей таситын.

Оның ұқыптылығы мен адалдығы, асаулығы мен ебедейсіздігі мәтеге айналған. Тасыған жолаушылармен ешқашан тілге келіп сөйлеспейтін. Ақы-пұлы ретіндегі мыстындарды адамдар паромның еденіне тастай салады, сол жерде құм мен суға шыланып жата береді, кешке қарай паромны агаш күрмекпен ол тындарды қүреп алады да өзен жағасындағы үйіне алып кетеді.

Паром, өзен ағысы мен судың деңгейі қалыпта тұрганда гана жүзетін, бірақ су кемерден асқанда-ақ Ямақ өзінің ебедейсіз паромын апарып жағаға шөгеріп тастайтын, бұл көзде Дрина жүзіп өту мүмкін емес шетсіз-шексіз мұхитқа айналады. Бұндайда Ямақтың екінші сау құлагы да естімей қалады, мұндайда ол Ескі қаланың ар жағындағы өзінің жерін өңдеуге кетеді.

Бұндай күндері өзеннің жағасында, Босниядан келген, әбден су өтіп тоңған жолаушыларды ертеден кешке дейін бақылауга болар еді.

Әбден шаршап құса болған олар алысқа көзін қадаи паром мен паромшы көрінбей ме еken деи зарығатын, алсін-әлсін тасыған өзен мен ылай судан асырып айқайлайтын:

— О-оооо-оо, Ямақ, қайдасың?

Бірақ жолаушыларға ешкім жауап бермейтін, ешкім шық-шайтын.

Ақыры су төмендеп арнасына түседі, сол сәтте қабагынан қар жауган Ямақ та көрінеді.

Қала, дәлірек айтқанда сол кездегі Дринаның оң жағасында биік жарлауытқа, ескі қамалға жабыса, жапсарласа үймелеген шағын ауыл өзінің көлемімен де, көркімен де қазіргі,

өмір салынын, қатынас молайын, сауда кемелденгеннен кейін найда болған қалага еш ұқсамайтын.

Қарашаның сол бір кешіндеге озенниң сол жағасына атқа жүк артқан үлкен керуен келіп тұнемеге тоқтады.

Бұл қарулы әскермен Шығыс Боснияны аралап Түркияның янычар армиясына жарамды христиан балаларын жинап, енді Істамбулға қайтып бара жатқан янычар ағаның керуені еді.

Соңғы қанжереден бері алты жыл уақыт өтіпті, сол себепті үл жолғы олжа мол, бай еді, янычарлар еш қиналмай қолданғы балғадай, он мен он бес жастың арасындағы үл балалардың санын толтырып жинап алды.

Бұндайда ата-аналар балаларын орманға жасырып, я болмаса колденең көзге кемақыл немесе ақсақ болыш көрінуді үйретіп, алба-жұлба ескі киім кигізіп, үсті-басын шалшыққа ылғап, янычар ағаның козіне түсірмеудің амалын жасайтын.

Кейбіреулер балаларын әдейі мертіктіріп, қолының бір сағын шауыш тастайтын.

Таңдалған балаларды атқа тендең артылған жеміс салатын себетке отыргызыған. Қолына түйіншек пен туған ошағының соңғы сөлемдемесі — бір күлше нан ұстаратын, әр баланы бір-бір себетке отыргызып қойған.

Жайымен сықырлаған себеттерден балалардың үрейі ұшқан балауса жүздері корінеді. Біреулері үн-тұңсіз туған елін қимай мұңцақа қарап, біреулері көздің жасымен күлшесін шылап жеп, ал енді біреулері ерге басын сүйен ұйықтап келеді.

Керуеннің соңғы аттарына ілссіп, жат елде, сұндетке отырғызылып мұсылман дініне кірмек, өз дінін, өз елін мәңгігеп ұмыттып, янычар шеріктегінің құрамында немесе одан да биік асуазымда Түрік империясына омір бойы қызмететік балалардың ата-аналары келе жатыр.

Бұлар қанжереге алынған балалардың аналары, әпкебарындастары, әжелері.

Әйелдер тым жақында кеткенде аттылы құзетшілер аттарын тебініп, ысқырып, айқайлан тонқа кіріп қамшыны

аямай сілтейді. Әйелдер тым-тырақай қанын жол бойындағы тоғайға тынылады да, коп үзамай қайтадан жиналыш, керуенниң соңынан қайта ілесін, жасқа толған коздерімен себеттің, үстінде шошайып бара жатқан балаларының бастарын кормекке ұмтылады.

Әсіресе бұндайда аналар қайтнас қайсарлық көрсететін. Шаштары дода-дода болыш, есінен адасын, баласын өлген адамдай жоқташ, жердің ой-қырына қарамай жүгіре беретін, ал кейбіреуі арқанға керілгендей ұлын, жас толы коздері ештеңені көрмей, айдауылдардың қамшысына да қарамай ұмтылын, қамшы тиғен сайын "Оны қайда әкетіп бара жатырсыңдар? Менен алып қайда апарасыңдар оны?" деп зарлана жылай берер еді.

Кейбіреуі ұлының атын айтыш шақырын, баласына соңғы батасын берер еді:

— Раде, ұлым-ау, анаңды ұмытпа, балам...

— Илия, Илия, Илия! — деп айқайлаш жатты бір әйел.

Есінен адасқандай алысқа көзін қадап, қимайтын асылын іздейді, бірнеше күннен кейін ұмыттырылатын бұл есімді есіне мәңгі сақтасын дегендей қайталай береді.

Жол ұзақ, тән шаршамақ, сұлтаның қызыметшілері аяуды білмейтін қатығез. Таяқ жеген, шаршаған, бұл жүрістерінің зия екенін түсінген әйелдер керуеннен ақырындаң қала бастайды.

Вышеград паромына жеткенде ең қайсарларының озі амалсіз тоқтайды, себебі оларды паромга жібермейді, озеннен басқа амалмен өте алмайсың. Осы жерде отырып тоқтаусыз жылауга болады, өйткені бұл жерден оларды ешкім қумайды.

Суықтыда, аштық пен шөлді де сезбей, қарсы жагада Аюб руң жаққа бет алған керуенді, ал керуеннен баласының бет-жүзін соңғы рет көргенше менірейін отыра берер еді.

Сол қарашаның кешінде көп себеттердің бірінде биік таудағы Соколовичи селосынан әкелінген, қара шашты, он жасар бала козінен жас тамбаган қүйі жан-жагына қарап отырды.

Тоңған қолымен кішкентай қайқы пышақты қыса ұстаган ол себеттің ернеуін немқұрайды жонын, маңайына көз салып отырды. Құз-жартасты жаға, сирек есken ошаган, рабайсыз паромшы, жұрт лайлы Дринадан өтіп болғанша өздері гүнеуге мәжбүр болған аңгай-даңгай диірмен, қарқылдаған қара қарғаны есіне мәңгі сақтаған.

Қайғының қара пышагы тілгілеу ауырган жүрегінде, осы жолдың аяқталған жері, өзеннің жағалауына шеккен қамрықты сезім мен өткел бермес өзеннің елесі өшпес сурет болып калды.

Кедейшіліктегұрын қашкен осы таулы аймақта қайыршылық пен сиықсыз тірлік өзінің бар шырышы бұзылмаган жаратылысымен көрінер еді. Табиғаттың тоқтау бермес құдіретті күшіне тәнті болып, қарайлатаған адам өзінің және бүкіл қауымның әлсіздігін, мешеулігін көзben көріп, қолмен үстағандай болар еді.

Осының бәрі оның бойында тәннің азабында сезілетін. Қоң ұзамай оның тағдыры, діні мен аты-жөні өзгерді, бірақ сол қараашаның кешінде түйсінген жүрек күйзелісі ұмытылады және ешқашан одан арылған емес.

Себетке отырып келген баланың бұдан кейінгі тағдырын барлық тілдердегі тарих жазады, әрине оның жайын ұлken дүние ғозден артық біледі.

Кейіннен ол қайыснас ер болды, сұлтан сарайы қару қоймасының сақшысы, содан кейін флоттың адмиралы, капудан-паша, патша әuletіне күйеу, қолбасшы болды, ең соңында Мехмет-паша Соколлу деген атпен бүкіл әлемге танылды, үш күрлікта жүргізген соғыстың барлығында жеңді, Оттоман империясының жерін кеңейтті, сыртқы жаудың қылышын майырды, дана билікпен ішінен күшетті.

Алпыс жылға созылған гүміры барысында Мехмет — паша сұлганга қызмет етті.

Қындықты да, ырыздықты бірге татысты, маңдайы жарылыш туған ол ұлken билікке қол жеткізді, байырқалы әмір болыды. Біз тіпті ойша да елестете алмайтын жат жүртта қай-

тадан дүниеге келген бұл адам, озін бір кездे айрын амшікеткен тутан елінде қалған өз жүртүн, коргені мен татқаның ұмытуы керек еді.

Әрине, Вышеградтың тұсындағы Дринадағы өткелін, құлазыған жаға мен сұқтап, алдағы беймәлім тағдырдан қалтыраган жүргіншілерді, құрт жеп әбден шіріген паромды, рабайсыз паромшыны, ылай өзенге төне қара қаргалардың қалай ұшқанын — бәр-бәрін ұмытты.

Бірақ сол әсерлерден қалған тәннің ауыруы бойынан ешқашан арылған емес. Керісінше, жыл озған сайын, жасы үлгайған сайын бала жастан таныс, тәннің басқа ауруларына үқсамайтын, тағдырдың өзі өмірінің соңына дей сактаң қойған дерптікі бас көтеретін болды: қара пышақ кеудесін тіліп екіге айыратын. Бұндайда уәзір көзін жұмыш, мойынсұнып, қара дерптікі басылатынын күтіп қана отыратын.

Осындағы сәттердің бірінде оған, алыста қалған Дринадағы, қара түнек пен пәлекеттің белгісіндей болған паромды жойып асау өзеннің биік жағалары мен үзілген жолды көнірмен берік жалғап, Босния мен Шығысты — өзінің туган жүртү мен қазіргі жүртүн астастырса осы ауыр дерттен құтылар едім деген ой келді. Осылайша үйқылы-ояу уәзірдің көз алдына осы жерде салынбақ айбынды көпірдің сұлбасы алғаш рет елестеген еді.

Сол жылы уәзірдің өмірімен және өзінің жеке қаржысымен Дринада үлкен көпірдің құрылышы басталған.

Құрылыш бес жылға созылды. Бұл жылдар қала мен түрлі мәнді-мәңсіз оқигаға толы бұл өнір үшін ұмытылмас ерекші кезең болып таңбаланып қалуы керек еді. Бірақ, бір қызығы, озған замандардың ең ұсақ-түйек оқигаларына дейін есіне сақтаған қалада Дринадағы көпірдің салынуы жайлы мәлімет өте аз сақталыпты.

Халық өзі түсініп, аңызға айналдыра алатынның барлығын есіне сақтап жаңғыртып отырады.

Басқаның барлығы табиғаттың болмашы құбылыстары сияқты, оның қиялышына ешқандай әсер етпей өтеді де кетолі.

Дрина көнірінің талай жылға созылған азапты құрылышы басқаның қайғысы, басқаның қазынасы еді.

Тек соншама қажыр-қайраттың жемісі — бұл көпір гайынтан пайда болғандай өзеннің үстіне тұра қалғанда, халық тастан қалаған, орнықты, көрікті құрылыштың өткені мен кеткенін еске түсіріп, оның шын тарихын өзінің көнігі әдетімен неше түрлі қиял-ғажайып оқиғаларға өре бастады.

III

Үәзір көпір құрылышы жайында шешім қабылданған жылдың көктемінде қалаға болашақ істің мән-жайын түймек болып, қарулы құзеті бар оның адамдары келді.

Атымен, арбасымен, түрлі құрал-сайман мен шатырларын алып жеткен тоитың қарасы көп еді. Бұл көпір шағын қала мен маңайдағы селоларда, әсіресе христиан халқы арасында кобалжу мен үрей туғызды.

Шерікті үәзірдің өкілетті адамы Әбит-ага бастап келді, оның жанында сәүлетші Тосын-эфенди бар-тын. (Әбит-ага, Ұзынқұлаққа сенсе қатығез, оспадарсыз адам болатын). Майланың түбіндегі шатырларга орналаса салып, Әбит-ага көргілікті билік өкілдері мен ауқатты түріктерді кеңеске шақырды.

Кеңесетін де ештеңесі жоқ еді, себебі сөйлеген бір-ақ адам — Әбит-ага. Жиналғандардың алдына еңгезердей ұзын бойыма, Ыстамбұл сөнімен мағынып киінген, көзі шагыр, беті шиктіндай қызыл, жирен сақал, мұрттын мажарларша шиырган алам шықты.

Алыш адамың сөйлеген сөзі жиналғандарға, оның түрін көргендегіден қатты әсер етті.

— Менің ойымша, өзімнен бұрын бұл жерге мен жайлышқа жеткен сияқты, әлбетте ол жаман хабар. Шамасы есті-би боларсыңдар, мен адамың багынышты болғанын, жұмыс істегенін қалаймын, жалқаулар мен тоқмойындарды өлімші құтапши сабай алам; мен "болмайды" немесе "жоқ" деген сөзді